

**Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Коммуникативтік дағдылар және психология негіздері
кафедрасы**

СӨЖ

**Тақырыбы: Мүмкіндіктері шектеулі
науқастармен қарым-қатынас.**

**Орындағандар: Ақберді М.И
Төлеубай Тоғжан
1-013 топ
Тексерген: Құсайнова М.А.**

2015 ж

ЖОСПАР:

- ◎ *Мүмкіндігі шектеулі науқастардың саны*
- ◎ *Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек*
- ◎ *Мүмкіндігі шектеулі науқастарға арналған заң жобасы*



Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстанда 600 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам тұрып жатыр, бұл жалпы халық санының 3,5 пайызын құрайды. Солардың 69 мыңы балалар екен. Әлбетте олардың тағдыры әртүрлі, біреулері туа бітті кемтар атанса, енді біреулері тағдырдың тәлкегін бастан кешіріп отыр. Дегенмен, осындай ортадағы адамдарға қамқорлық көрсету - қоғамның зор парызы.

Әлбетте, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына соңғы уақытта мемлекет тарапынан жіті көңіл бөліне бастады. Ең бастысы - Елбасы ағымдағы жылғы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс екенін айтып, барша кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесуге шақырған еді. «Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады», - деген Н. Назарбаев мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырды. Бұл шындығында, мемлекет, билік тарапынан жасалып жатқан зор қамқорлықтың көрінісі.



*Дегенмен, мүмкіндігі шектеулі
азаматтарды түсіну, әлеуметтік
жәрдемақыларды уақытылы
төлеумен ғана байланысты
емес. Ең бастысы олар да өздерін
қоғамның толыққанды мүшесі
екенін сезінулері керек. Бұл ретте
мүгедектерді оңалту мен оларды
қоғамға кіріктіру міндеттерін
сапалы жүзеге асырудың маңызы
зор.*



*Мүмкіндігі шектеулі адамдарды
қоғамға бейімдеу, мүгедектіктің
басталу қатерінің алдын алу кең
ауқымдағы шараларды
қамтитыны ақиқат. Тоқтала
кететін жайт, 2015 жылға қарай
Қазақстанда шамамен
мектептердің 20 %-ында
«кедергісіз» мектеп
ортасын қалыптастыру
жоспарлануда.*



Жалпы, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік кіріктірудің маңызды шарты кәсіптік оңалту болып табылады - бұл еңбек табысы көздерінің бірі ретінде жалпы және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары. Мүгедектердің басым бөлігі еңбек етуге қабілетті жаста екенін ескеретін болсақ, бұл аса маңызды мәселе

Жаңа заң жобасында мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік жұмыс орындарын құру мәселелері көзделеді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жұмыс жағдайларын жасайтын жұмыс берушілерді қолдау тетігі де қарастырылып, мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау тетігі қайта қаралмақ.

A vibrant field of flowers under a bright sky. In the foreground, there are several tulips in shades of red, pink, and orange, interspersed with numerous white daisies with yellow centers. To the right, there are yellow flowers, possibly daffodils. The background is a soft-focus field of green grass and more flowers, leading to a clear blue sky with a bright sun flare in the upper right corner.

Назарларыңызға рахмет!!!